**Ұлттық пантеонның кейбір мәселелері туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 25 қыркүйектегі № 1020 қаулысы

Мемлекеттің, ғылымның, мәдениеттің аса көрнекті қайраткерлерінің, сондай-ақ Қазақстанның дамуына үлес қосқан тұлғалардың есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Астана қаласы әкімінің «Ұлттық пантеон» объектісін құру туралы ұсынысына келісім берілсін.

2. Астана қаласы мен Ақмола облысының әкімдері заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) «Ұлттық пантеон» объектісінің орналасатын жерін анықтасын;

2) осы қаулыны іске асыру жөніндегі өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК